

**Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың
2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі
2008 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 шілдедегі N 730 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы
№ 130 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.11 № 130 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 1 шілдедегі N 626 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;
2) жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 10 шілдеге және 10 қаңтарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайын, 20 шілдеге және 20 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 31 шілдедегі
N 730 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.11.10 N 1803 Қаулысымен.

Р / с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындау- шылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар, млн. теңге*	Қаржы- ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен тартымдылығын қамтамасыз ету үшін оның мазмұнын, материалдық-техникалық базасын, инфрақұрылымын жаңғырту						
1	12-жылдық білім беруге көшуді ескере отырып, кіріктірілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2008 - 2010 жылдар I V тоқсан	58,2 - 2008 ж. 24,4 - 2009 ж. 16,9 - 2010 ж. -16,9	Республикалық бюджет
2	Халықаралық сарапшыларды тарта отырып, білікті тәсіл негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мамандықтары мен кәсіптері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды әзірлеу	БҒМ бұйрығы	БҒМ, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктер	2008 - 2010 жылдар I V тоқсан	30,4 - 2008 ж. 9,5 - 2009 ж. 9,4 - 2010 ж. -11,5	Республикалық бюджет
	Арнаулы пәндер бойынша үлгі		БҒМ, жұмыс беруші-	2009 - 2010	33,2 - 2009 ж.	Республика-

3	оқу бағдарламаларын әзірлеу	БҒМ бұйрығы	лердің республикалық бірлестіктер	жылдар I V тоқсан	- 2010 - 16,5	16,7 ж.	лық бюджет
4	Арнаулы пәндер бойынша оқу әдебиетін әзірлеу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2009 жылдар I V тоқсан	- 175,0 2009 - 2010 - 87,5	ж. 87,5 ж.	Республикалық бюджет
5	Арнаулы пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2009 жылдар I V тоқсан	- 66,4 2009 - 2010 - 33,2	ж. 33,2 ж.	Республикалық бюджет
6	Қазіргі заманғы, соның ішінде қазақстандық білім беруші веб-порталының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру технологияларын енгізу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2009 жылдар I тоқсан	- Талап етілмейді		
7	Техникалық және кәсіптік білім беру, адами ресурстарды дамыту саласында жетекші халықаралық ұйымдармен, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), Еңбекмині, АБА	2009 жылдар 20 қаңтар	- Талап етілмейді		
8	Кәсіптік лицейлерде білім алушыларды әлеуметтік қорғау мен стипендиямен қамтамасыз етудің қазіргі жүйесін қайта қарау	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылдар I тоқсан	- Талап етілмейді		

9	Білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік мансаптық басшылық жасауына және оларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөнінде құрылымдар құру және дамыту	Жұмыс берушілермен шарттар	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I V тоқсан	Жұмыс берушілер қаражаты есебінен	
10	Жұмыспен қамту органдарында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірлесіп, өңірлер мен мамандықтар бөлінісінде бітірушілердің дерек қорларын жасау	БҒМ-ге ақпарат	Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, білім беру ұйымдары	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	Талап етілмейді	
11	Жұмыспен қамту органдары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында білім алушылардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін еңбек нарығындағы бос орындар туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету	БҒМ-ге ақпарат	Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, білім беру ұйымдары	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	Талап етілмейді	
12	Жұмыс берушілермен бірлесіп, бітірушілерді кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, нақты жұмыс орнында өндірістік практиканы ұйымдастыру	Кәсіпорындармен шарттар	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	Талап етілмейді	

13	Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің жұмысшы кадрлары мен мамандарын даярлау проблемалары бойынша үздік білім алушылармен, ардагерлермен семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 12,0 2010 жылдар I I тоқсан	2009 - 6,0 2010 - 6,0	ж. 6,0 ж.	Республикалық бюджет
14	Еңбек адамының, техникалық және қызмет көрсету еңбегі маманының оң образын насихаттау мен жас ауды қамтамасыз ету	Медиа-жоспар	БҒМ, МАМ	2008 - 2010 жылдар I V тоқсан	Талап етілмейді		
15	Кәсіптік лицейлер мен колледждердің оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханаларын қазіргі заманғы оқу-өндірістік және технологиялық жабдықтармен жаңарту мен қайта жарақтандыруды қамтамасыз ету	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 4106,75 2010 жылдар I I тоқсан	2009 - 1997,1 2010 2109,65	ж. 1997,1 ж.-	Жергілікті бюджеттер
16	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз ету	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 - 2008 2010 жылдар I V тоқсан	5943,04 2008 - 231118 2009 1700,77 2010 - 1931,09	ж. 231118 ж.- ж.	Жергілікті бюджеттер
17	Облыстық (қалалық) білім басқармалары (департаменттері) оқу-әдістемелік кабинеттерінің	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы	2008 - 2010			

	жұмыс істеуі жөнінде шаралар қабылдау		қалаларының әкімдері	жылдар I V тоқсан	Талап етілмейді	
18	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының желісін кеңейту 45 кәсіптік лицей салу; кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі 4 өңіраралық орталық салу; жұмыс істеп тұрған лицейлер мен колледждердің жанынан 41 жатақхана салу	БҒМ-ге ақпарат	ЭБЖМ, ҚІЖТҚША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылдар I V тоқсан	24766,9 ж. - 1022,0 ж. 2008 - 2009 - 5671,7 ж. 2010 жылдар I тоқсан - 18073,2 ж. 11567,9 ж. 2008 - 2021,9 ж. 2009 - 6105,0 ж. 2010 - 3441,0 ж. 4703,1 ж. 2009 - 2014,3 ж. 2010 - 2688,0 ж.	Республикалық бюджет Республикалық бюджет Ақмола облысын қоспағанда, жергілікті бюджеттер
2. Техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау мен олардың бәсекеге қабілеттілігі сапасын арттыру						
	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары үшін жоғары оқу					

19	орындарында кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен жыл сайын 1000 адамнан оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлауды қамтамасыз ету	Қазақ-стан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	5 6 2 , 8 - 2008 ж . 1 8 7 , 6 ж . 2009 ж . - 1 8 7 , 6 ж . 2010 - 187,6	Республикалық бюджет
20	Жыл сайын 1000 адамнан арнаулы пәндер оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыруды және тағлымдамадан өтуін ұйымдастыру	БҒМ бұйрығы	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I V тоқсан	6 7 , 5 ж . - 2008 ж . 2 1 , 0 ж . 2 2 , 5 ж . 2010 - 24,0	Республикалық бюджет
21	Жыл сайын кәсіптік лицейлерге шетелдік оқытушылар тарту	Шарттар	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	3 7 4 , 4 ж . 2009 ж . - 1 8 7 , 2 ж . 2010 - 187,2	Республикалық бюджет
22	Жоғары технологиялармен, соның ішінде ақпараттық технологиялармен байланысты күрделі (сабақтас) кәсіптер мен практикалық дағдыларды меңгерген мамандар даярлауды қамтамасыз ету	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде	Республикалық бюджет
23	"Кәсіп үздігі" және "Үздік педагог" атақтары берілетін конкурстар өткізу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2008 - 2010 жылдар I V тоқсан	3 , 6 ж . - 2008 ж . 1 , 2 ж . 2009 ж . - 1 , 2 ж . 2010 - 1,2	Республикалық бюджет

24	Кәсіптік шеберлік халықаралық конкурстарына қатысу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2009 - 2010 жылдар І І тоқсан	4,2 2009 - 2010 - 2,0	ж. 2,2 ж.	Республикалық бюджет
25	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берудің қазіргі біліктіліктерін біріктіретіріп, мамандықтар мен кәсіптердің тізбесін үйлестіру	БҒМ бұйрығы	БҒМ, Еңбекмині, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2009 - 2010 жылдар І V тоқсан		Талап етілмейді	
26	Экономикалық қызметтің әртүрлі ұйымдарының мамандары мен басқа да қызметкерлерінің кәсіптік стандарттарын әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині (жинақтау), БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер бірлестіктері	2009 жылғы 20 қаңтар		Талап етілмейді	
27	Сертификаттау саласындағы халықаралық ұйымдарды тарта отырып, мамандардың кәсіби дағдылары мен біліктілігінің сапасын тәуелсіз бағалау мен сертификаттау жүйесін енгізу	БҒМ-ге ақпарат	Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер бірлестіктері	2009 - 2010 жылдар І І тоқсан		Талап етілмейді	
28	Еңбек нарығының талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес тартылатын шетелдік жұмыс күшін алмастыруға қабілетті кадрлар даярлауды ұйымдастыру	БҒМ бұйрығы	БҒМ, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар І І тоқсан	2676,2 2009 - 2010 - 1603,1	ж. 1073,1 ж.	Жергілікті бюджеттер

29	Кіріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары техникалық мектептер құру жөнінде ұсыныстар енгізу	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар ІІ тоқсан	Талап етілмейді	
3. Техникалық және кәсіптік білім беруді басқару мен қаржыландыру жүйелерін жетілдіру						
30	Республикалық деңгейде адами ресурстарды дамыту және әлеуметтік серіктестік жөніндегі жұмысты үйлестіру саласында техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрлар даярлау жөніндегі ұлттық кеңес құру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, Еңбекмині, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері, "Қазына" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы ІІ тоқсан	Талап етілмейді	
31	Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрлар даярлау жөніндегі салалық және өңірлік кеңестер құру	Мүдделі Меморгандардың бұйрықтары, әкімдер қаулылары	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері, мүдделі мемлекеттік органдар	2009 жылғы ІІ тоқсан	Талап етілмейді	
	Техникалық және кәсіптік білім		Облыстардың, Астана	2008 жылғы		

32	беретін оқу орындарында қамқоршылық кеңестерін құру	БҒМ-ге ақпарат	және Алматы қалаларының әкімдері	I V тоқсан	Талап етілмейді	
33	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының ИСО 9001-2000 менеджмент сапасы жүйесінің стандарттарымен үйлестірілген басқару стандарттарын әзірлеу және енгізу	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	Талап етілмейді	
34	Халықаралық практикаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оларды аккредиттеу стандарттарын енгізу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	2, 2 2009 ж. 1, 0 2010 ж.	Республикалық бюджет
35	Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің менеджерлерін даярлау мен басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, соның ішінде шетелдерде, ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I тоқсан	Халықаралық жобалардың және стипендиялардың шеңберінде	
36	Жұмыс берушілердің қаражаты есебінен білім алушыларға стипендиялар тағайындай отырып, кадрлар даярлауды ұйымдастыру	Меморандумдар	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар I I тоқсан	Жұмыс берушілер қаражаты есебінен	
			БҒМ, "Атамекен"			

37	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына педагогтық қызметке кәсіпорындардың біліктілігі жоғары мамандарын тарту	Меморандумдар	Одағы" Ұ Э П (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 - 2010 жылдар І І тоқсан	Жұмыс берушілер қаражаты есебінен	
38	Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуды қолдау қорын құру	Меморандумдар	БҒМ, ЭМРМ, "Атамекен" Одағы" Ұ Э П (келісім бойынша)	2009 жылғы IV тоқсан	Мүдделі ұйымдар қаражаты есебінен	
39	Еңбек нарығы мен халықтың оқыту бағдарламаларына сұранысын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары желісіне бағалау жүргізу	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	
40	Жергілікті еңбек нарықтарының тиімділігін және қажеттіліктерге ден қоюын арттыру үшін біріктіру жолымен оқу орындары желісін қайта орнтайландыру	БҒМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	
41	Бір білім алушыға жұмсалатын шығындар құнының нормативтерін және оқу орны жұмысының нәтижелілігін айқындай отырып, техникалық және	БҒМ бұйрығы	БҒМ	2010 жылғы IV тоқсан		

	кәсіптік білім беруді қаржыландыруды қамтамасыз ету				Талап етілмейді	
42	Білім алушылар контингентінің қозғалысы мониторингі және нәтижелерге қол жеткізу үшін ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу	БҒМ-ге ақпарат	АБА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді	
43	Техникалық және арнаулы пәндер оқытушыларына, өндірістік оқыту шеберлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу	Еңбек-миніне ұсыныстар	БҒМ, ЭБЖМ	2008 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді	
					55153,8 2008 ж. - 5598,8 2009 ж. - 19133,4 2010 ж. - - 30421,6	
	БАРЛЫҒЫ:				37724,7 2008 ж. - - 3287,6 2009 ж. - - 12348,1 2010 ж. - - 22089,0	Республикалық бюджет
					17429,1 2008 ж. - - 2311,2 2009 ж. - - 6785,3 2010 ж. - - 8332,6	Жергілікті бюджет

Е с к е р т п е л е р :

* іс-шараларды қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланады

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
- ҚІжТҚША - Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі
- "Атамекен" Одағы" ҰЭП - "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы
- "Самұрық" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы
- "Қазына" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы